


**БЕКІТЕМІН**

|   |  |                |            |
|---|--|----------------|------------|
|  | Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050040, Көктем-1 ықшамауданы, 15А/  |                |            |
|   | Құжат:<br>«Рекитт Бенкизер Хэлс Қазақстан» ЖШС дербес деректерді жинауға, өндеуге және дербес деректерді қорғауға қойылатын іске асырылатын талаптар туралы мәліметтерге қатысты саясат/ | Күшіне енді:   | 01.11.2024 |
|   |  | Құжат нұсқасы: | 01         |

«Рекитт Бенкизер Хэлс Қазақстан» ЖШС  
Бас директоры  
Кудрицкий А.В.

01.11.2024 ж. № 01-ОД LEG бұйрығы

**«Рекитт Бенкизер Хэлс Қазақстан» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
дербес деректерді жинауға, өндеуге және дербес деректерді қорғауға қойылатын іске асырылатын  
талаптар туралы мәліметтерге қатысты**

**САЯСАТ**

(01 редакциясы)

Алматы қ.  
2024

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Саясат (бұдан әрі – Саясат) дербес деректерді өңдеудің жалпы қағидаттары мен тәртібін және «Рекитт Бенкизер Хэлс Қазақстан» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі-ЖШС) олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды анықтайды.

1.2. Саясаттың мақсаты адамның және азаматтың дербес деректерін өңдеу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, оның ішінде жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұғылмаушылық құқықтарын қорғауды, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстан Республикасының ратификацияланған халықаралық шарттарының талаптарын нақты және мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.3. Саясат Қазақстан Республикасының 21.05.2013 жылғы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» № 94-V Заңының (бұдан әрі – Заң) ережелеріне, дербес деректермен жұмыс істеу тәртібін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды айқындайтын басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі – Заңнама) сәйкес әзірленген.

1.4. Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**дербес деректерді қамтитын база** – ретке келтірілген дербес деректердің жиынтығы;

**биометриялық деректер** - дербес деректер субъектісінің жеке басын анықтауға болатын физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын дербес деректер;

**дербес деректерді бұғаттау** - дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер;

**дата-орталық** - серверлік және желілік жабдықтарды орналастыру, серверлерді (оның ішінде виртуалды) жалға беру, сонд ай-ақ Интернет желісіне қосу бойынша қызметтер көрсететін мамандандырылған ұйым;

**дербес деректерге қол жеткізу** - мәліметтердің құпиялылығын сақтаушартымен ЖШС өндейтін субъектілердің дербес деректерімен белгілі бір тұлғаларды (оның ішінде қызметкерлерді) таныстыру;

**дербес деректердің ақпараттық жүйесі** - дербес деректердің дерекқорларында қамтылған және ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдардыңөңдеуін қамтамасыз ететін жиынтық;

**контрагент** – ЖШС қызметкері болып табылмайтын ЖШС-мен жасалғаншарттың тарабы;

**дербес деректердің құпиялылығы** - дербес деректерге қол жеткізген тұлғалардың субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негізі болмаса олардың таралуына жол бермеу міндеті;

**дербес деректерді иесіздендіру** – жасалуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

**бұлтты есептеу инфрақұрылымы** – сұраныс бойынша кең таралған және ыңғайлы желілік қолжетімділік қамтамасыз етілген және ең аз пайдалану шығындарымен немесе өзіне-өзі қызмет көрсету; желі бойынша әмбебап қолжетімділік; ресурстарды біріктіру; икемділік; тұтынуды есепке алубес негізгі қасиеті бар провайдерге жүгіну арқылыжедел ұсынылуы және босатылуы мүмкін конфигурацияланатын есептеу қорларының (деректерді беру желілері, серверлер, деректерді сақтау құрылғылары, қосымшалар және қызметтер - бірге де, жеке де) жалпы пулы;

**дербес деректерді өңдеу** – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;

**жалпыға қолжетімді дербес деректер** - субъектінің келісімімен қол жеткізу еркін болып табылатын құпиялылықты сақтау талаптары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданылмайтын дербес деректер немесе мәліметтер.

**оператор** - дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға. Осы Саясатта оператор деп, егер арнайы өзгеше көрсетілмесе, ЖШС түсініледі;

**дербес деректер** - мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасымалдауыштарда тіркелген мәліметтер;  
**дербес деректерді беру** - белгілі бір тұлғаға немесе белгілі бір тұлғалар тобына дербес деректерді ашуға бағытталған іс-әрекеттер;

**дербес деректерді тарату** – жасалуы нәтижесінде дербес деректер берілетін, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін немесе қандай да бір өзгеше тәсілмен дербес деректерге қол жеткізу ұсынылатын іс-әрекеттер;

**дербес медициналық деректер** – электрондық, қағаз немесе өзге де материалдық тасымалдауыштарда тіркелген жеке тұлғаның денсаулығы және оған көрсетілген медициналық қызметтер туралы мәліметтерді қамтитын дербес деректер; **дербес деректер субъектісі (субъект)** – дербес деректер тиесілі жеке тұлға;

**трансшекаралық дербес деректерді беру-дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына беру;**

**дербес деректерді жою-жасалуы нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер.** ЖШС өңдейтін ЖШС мәртебесі және дербес деректер субъектілерінің санаттары.

1.1. ЖШС жеке тұлғалардың келесі санаттарының дербес деректеріне қатысты операторы болады:

- еңбек шарттары тоқтатылған (бұзылған) бұрынғы қызметкерлерді қоса алғанда, ЖШС еңбек шарттары жасалған немесе бұрын жасалған ЖШС қызметкерлерінің (бұдан әрі - **Қызметкерлер**), оның ішінде шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың;
- Қызметкерлердің жақын туыстары, жұбайлары және Қызметкерлердің асырауындағы, оның ішінде шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың (бұдан әрі - **Қызметкерлердің отбасы мүшелері**);
- бұрынғы қызметкерлерді қоса алғанда, Рекитт Бенкизер компаниялар тобының қызметкерлерінің (бұдан әрі-**Компаниялар тобының қызметкерлері**);
- жеке өзі немесе персоналды іріктеу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар (кадрлар агенттіктері) арқылы, оның ішінде Интернет желісіндегі мамандандырылған қосымшалар немесе сайттар арқылы, оның ішінде ЖШС персонал бөлімінде әнгімелесуден өтетін субъектілердің дербес деректерді қамтитын өзінің түйіндемелерін немесе сауалнамаларын ұсынған ЖШС бос лауазымдарына ізденушілердің (ЖШС жұмысқа қабылдау үшін кандидаттар) (бұдан әрі-**Ізденушілер**);
- студенттер, тәжірибеден өтушілер және тағылымдамадан өтушілердің (бұдан әрі – **бірлесіп-Тағылымдамадан өтушілер**);
- контрагент қызметкері болып табылатын жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларды қоса алғанда, жекелеген шарт (-тар) бойынша контрагентпен тартылатын өзге де өкілдер немесе контрагенттің мүддесінде әрекет ететін және ЖШС шартты орындауға қатысатын өзге де тұлғалар (сенімхаттар және т. б. негізінде) болып табылатын ЖШС контрагенттерінің өкілдерінің (бұдан әрі – **Контрагенттердің өкілдері**);
- ЖШС қызметкерлері болып табылмайтын және ЖШС-не тапсырма бойынша және дербес деректер субъектілерінің атынан жүгінетін дербес деректер субъектілерінің өкілдерінің (бұдан әрі-**Субъектілердің өкілдері**);
- үй-жайларға тұрақты кіру құқығы жоқ, оның ішінде басқа мемлекеттердің азаматтары ЖШС күзетілетін үй-жайларына келушілердің (бұдан әрі-**Келушілер**);
- дербес деректері сот, әкімшілік істер материалдарында болатын ЖШС қатысатын сот, әкімшілік процестерге қатысушылардың (бұдан әрі-**Процестерге қатысушылар**);
- **азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылатын жеке тұлғалардың – АҚШ шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар, оның ішінде оқытуды жүргізу үшін шақырылатын спикерлердің.**
- Рекитт Бенкизер компаниялар тобының өнімдерін жеткізуді жүзеге асыратын көлік компанияларының жүргізуші-жұмыскерлердің;
- конкурстардың және өзге де ынталандырушы іс - шаралардың жеңімпаздарының-Рекитт Бенкизер компаниялар тобының кез келген компаниясымен өткізілетін конкурстарда және өзге де ынталандырушы іс-шараларда жеңіске жететін Рекитт Бенкизер өнімдерінің түпкілікті тұтынушылардың.
- Рекитт Бенкизер группа компаниясының сайт пайданушылары

Дербес деректер субъектілері бір мезгілде жоғарыда көрсетілген бірнеше санатқа жатқызылуы мүмкін.

1.2. ЖШС субъектілердің дербес деректерін басқа операторларға беруді жүзеге асыратын тұлға болып табылады, оған мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

- ЖШС салық және зейнетақы заңнамасын, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы сақтау мақсатында мемлекеттік органдары және зейнетақы қорлары;
- заңнамада көзделген жағдайларда дербес деректер ұсынылатын (берілетін) жергілікті әскери басқару органдары, кәсіподақ ұйымдары, байланыс операторлары;
- ЖШС қызметтік (күзетілетін) үй-жайларында объектіші және өткізу тәртібін жүзеге асыратын ұйымдары;
- ЖШС қызметкерлеріне қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау мақсатында ЖШС дербес деректерді өңдеуге тартатын ұйымдар;
- ЖШС қызметкерлерін оқыту бойынша қызмет көрсететін ұйымдар;
- Рекитт Бенкизер компаниялар тобының өнімдері үшін қойма сақтау және логистика қызметтерін ұсынатын ұйымдар;
- курьерлік жеткізу қызметтерін ұсынатын ұйымдар;
- еңбек жағдайларын арнайы бағалау бойынша жұмыстар жүргізетін ұйымдар;
- сенімхаттарды ресімдеу бойынша қызмет көрсететін ұйымдар;
- такси қызметін көрсететін ұйымдар;
- ЖШС қызметкерлеріне визалық құжаттарды алуға жәрдемдесетін ұйымдар;
- маркетингтік, жарнамалық қызметтер және конкурстар мен басқа да ынталандыру іс-шараларын ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсететін ұйымдар.
- ЖШС сайты пайдаланушыларының деректерін өңдейтін ұйымдар.

1.3. Құқық қорғау органдарына, соттарға және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға дербес деректер субъектілердің келісімінсіз олардың өкілеттіктері шегінде заңнамада айқындалған көлемде ұсынылады (беріледі).

1.4. Рекитт Бенкизер компаниялар тобы сервистерді пайдалануды статистикалық талдау және олардың жалпы және жеке атқарылымдарын қамтамасыз ету үшін соокиедеректерін өңдейді.

1.5. Дербес деректердің толық тізбесі және дербес деректер субъектілерінің санаттары осы «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі» Саясаттың 1-Қосымшамен бекітіледі.

## **2. Дербес деректерді өңдеу қағидаттары мен мақсаттары**

ЖШС дербес деректерін өңдеу келесі қағидаттарға сәйкес жүргізіледі:

2.1. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің заңдылығы, құпиялылығы, субъектілердің, иемденушілердің және операторлардың құқықтарының теңдігі, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2.2. Дербес деректерді өңдеуді нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға қол жеткізумен шектеу. ЖШС дербес деректеріді жинау және өңдеу мақсаттары:

- **Қызметкерлерге қатысты –**
  - жасалған еңбек шарттарын орындау, еңбек міндетін орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету, еңбекті қорғауға қойылатын талаптарды сақтау бойынша жұмыс беруші үшін белгіленген міндеттерді қоса алғанда (шектеусіз) заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;
  - қызметкерлерге жұмысқа тұруға, білім алуға және қызмет бабында жоғарылауға жәрдемдесу;
  - қызметкерлердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету; объект ішімен өткізу тәртібін жүзеге асыру;
  - орындалатын жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерін бақылау;

- мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- ЖШС есебінен қосымша қызметтер ұсыну;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған саясатты және өзге де саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, ЖШС және Рекитт Бенкизер компаниялар тобының ішкі корпоративтік саясаттары мен рәсімдерін сақтау;
- ЖШС шаруашылық және есеп беру операцияларын жүргізу, ЖШС қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандыру;
- қызметкерлерді оқыту;
- ЖШС мүдделерін ұсыну құқығына сенімхаттарды ресімдеу;
- корпоративтік ақпараттық қорларының жұмыс істеуі,
- курьерлік жеткізуді жүзеге асыру, тасымалдауды ұйымдастыру.
- **Қызметкерлердің отбасы мүшелеріне қатысты –**
  - Қызметкерлерге балалары бар (асырап алған) тұлғалар, отбасылық міндеттері бар тұлғалар үшін заңнамада көзделген жеңілдіктер мен кепілдіктер беру;
  - туыстарын жазатайым оқиғалар туралы хабардар ету туралы ҚР Еңбек кодексінің талаптарын орындау;
  - мемлекеттік статистикалық есепке алу органдарының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау;
  - ЖШС есебінен қосымша қызметтер көрсету;
- **компаниялар тобының Қызметкерлеріне қатысты –**
  - компаниялар тобының Қызметкерлеріне ЖШС есебінен қосымша қызметтер көрсету;
  - ЖШС және Рекитт Бенкизер компаниялар тобының ішкі корпоративтік саясаты мен рәсімдерін сақтау;
  - ЖШС және Рекитт Бенкизер тобының басқа компанияларында бос лауазымдарды іздеуге мүмкіндік беру;
- **Ізденушілерге қатысты –**
  - ЖШС талаптарына айрықша толық сәйкес келетін ізденушілердің бос лауазымдарға жұмысқа тұру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау;
  - ЖШС сыртқы кадрларқорына енгізу;
- **Тағылымдамадан өтушілерге қатысты –**
  - оқу орындарының студенттері мен түлектеріне арналған ЖШС бағдарламаларына қатысу;
- **Контрагенттердің өкілдеріне қатысты –**
  - келісімшарттық жұмысты, контрагенттермен шарттар жасасуды және олардың орындалуын реттейтін ҚР Азаматтық кодексінің нормаларын сақтау, сондай-ақ өзге де заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің, сол сияқты мемлекеттік органдар тарапынан ЖШС-не қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
  - ЖШС тиісті контрагенттерді олармен шарт жасасуға және өзге де мәмілелер жасауға сенімді, күдік тудырмайтындар ретінде тексеру;
- **Шетелдіктерге қатысты –**
  - ЖШС есебінен қызмет көрсету;
- **Субъектілердің өкілдеріне қатысты –**
  - ЖШС-нің дербес деректер субъектілері өкілдерінің тапсырмасы бойынша іс-әрекеттер жасау;
- **Келушілерге қатысты –**

- ЖШС қызметтік (күзетілетін) үй-жайларына өту мүмкіндігін, сондай-ақ мұндай үй-жайларға тұрақты рұқсаты жоқ адамдардың келуі мен кетуін бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- **Процесске қатысушыларға қатысты –**
  - Рекитт Бенкизер компаниялар тобының мүддесі үшін сот процестеріне қатысу;
- **азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылатын жеке тұлғаларға қатысты -**
  - заң талаптарын орындау, оның ішінде салық заңнамасының талаптарын орындау,
  - оқыту;
  - ЖШС мүдделерін ұсыну құқығына сенімхаттарды ресімдеу;
  - объектіші және өткізу тәртібін жүзеге асыру;
  - корпоративтік ақпараттық қорларының жұмыс істеуі;
  - ЖШС ішкі корпоративтік саясаты мен рәсімдерін сақтау;
  - курьерлік жеткізуді жүзеге асыру, тасымалдауды ұйымдастыру.
- **көлік компанияларының Жүргізуші-қызметкерлеріне қатысты -**
  - ЖШС өнімдерін тасымалдауды ұйымдастыру;
  - объектіші және өткізу тәртібін енгізу;
- **Конкурстардың және өзге де ынталандырушы іс-шаралар жеңімпаздары -Рекитт Бенкизер компаниялар тобының өнімдерінің түпкілікті тұтынушыларына қатысты –**
  - ЖШС өнімдері және өткізілетін акциялары туралы хабарлау;
  - жеңімпаздар тізімін жариялау;
  - жүлделерді жеткізуді ұйымдастыру;
  - жеке табыс салығы бойынша салық агентінің міндетін орындау;
  - маркетингтік зерттеулер жүргізу.
- **ЖШС сайты пайдалушышыларға қатысты –**
  - жарнаманы және ақпаратты тарату;
  - сайттың тиісті түрде жұмыс істеуі.

2.3. Өңдеудің алдын ала белгіленген мақсаттарына жауап беретін дербес деректерді ғана өңдеу; өңделетін дербес деректердің мазмұны мен көлемінің мәлімделген өңдеу мақсаттарына сәйкестігі; дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ дербес деректерді өңдеудің мәлімделген мақсаттарына қатысты артық дербес деректерді өңдеуге жол бермеу. ЖШС Саясаттың 3.2-тармағында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін талап етілмейтін дербес деректерді жинамайды және өндемейді, субъектілердің дербес деректерін көрсетілгендерден басқа қандай да бір мақсаттарда пайдаланбайды.

2.4. Өзара үйлеспейтін мақсаттарда жүзеге асырылатын өңделетін дербес деректерді қамтитын дерекқорларды біріктіруге жол бермеу.

2.5. Дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты дербес деректердің дәлдігін, жеткіліктілігін және өзектілігін қамтамасыз ету. ЖШС өңделетін дербес деректердің өзектілігін демеу үшін барлық ақылға қонымды шараларды қолданады, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, әрбір субъектінің өзінің дербес деректерін қарау үшін алу және егер дербес деректер толық емес, ескірген, нақты емес, заңсыз түрде алынған немесе мұндай талаптың себептерін түсіндірместен жоғарыда мәлімделген өңдеу мақсаттары үшін қажетті болмаса, ЖШС оларды нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап ету құқығын жүзеге асыру.

2.6. Егер дербес деректерді сақтау мерзімі дербес деректер субъектісі тарапы болып табылатын шартта, заңнамада, сондай-ақ дербес деректер субъектісінің деректерді өңдеуге келісімінде белгіленбесе дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап ететіннен артық болмаса дербес деректер субъектісін дербес деректерді айқындауға мүмкіндік беретін нысанда сақтау.

2.7. Егер заңнамада немесе дербес деректер субъектілерімен жасалған шарттарда өзгеше көзделмесе, ЖШС дербес деректерді өңдеудің заңнамада белгіленген тәртібін бұзушылықтарды жоюы, дербес деректерді

өңдеуге субъектінің келісімін кері қайтарып алуы, дербес деректерді өңдеуге келісімде белгіленген дербес деректерді өңдеу мерзімі аяқталған кезде мәлімделген өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін немесе осы мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігін жоғалтқан жағдайда дербес деректерді жою не иесіздендіру.

### **3. Дербес деректерді өңдеу шарттары**

3.1. ЖШС дербес деректерін өңдеу келесі жағдайларда жүргізіледі:

3.1.1. Дербес деректер субъектісінің дербес деректерін өңдеуге келісімі болған жағдайда. ЖШС Дербес деректер субъектісінің келісімін алу тәртібі Саясаттың 7-бөлімінде айқындалған.

3.1.2. Дербес деректерді өңдеу ЖШС жүктелген атқарымдарды, өкілеттіктер мен міндеттерді жүзеге асыру және орындау үшін қажет. Мұндай жағдайларға, оның ішінде келесілерді қосқанда, бірақ олармен шектелмей, еңбек және зейнетақы заңнамасында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін Қызметкерлермен еңбек қатынастарын іске асыру, контрагенттермен шарттар жасасу және орындау жатады.

3.1.3. Дербес деректер субъектісінің бастамасы бойынша шартқаотыру және дербес деректер субъектісі тарапы болып табылатын шартты орындау үшін.

3.1.4. ЖШС дербес деректерін өңдеу ЖШС және/немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру үшін немеседербес деректер субъектілерінің құқықтары мен бостандықтары бұзылмайтыншартымен қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет.

3.1.5. Дербес деректерді өңдеу статистикалық, маркетингтік немесе басқа да зерттеу мақсаттарында дербес деректерді міндетті түрде иесіздендіру шартымен жүзеге асырылады.

3.1.6. Дербес деректер субъектісі берген тұлғалардың шектеусіз тобына қол жеткізу не оның өтініші бойыншадербес деректерді өңдеу.

3.2. Дербес деректер заңнамада көзделген жағдайларда ғана жария етіледі немесе міндетті түрде ашылаалады. Егер заңнамада, дербес деректер субъектісімен жасалған шартта өзгеше көзделмесе, дербес деректерді өңдеуге одан алынған келісімде көрсетілмесе немесе дербес деректерді субъект дербес қолжетімді етпесе, ЖШС дербес деректер субъектісінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етпейді және дербес деректерді таратпайды.

3.3. ЖШС нәсілдік және ұлттық тиесілілікке, саяси көзқарастарға, діни немесе философиялық нанымдарға, интимдік өмірге, дербес деректер субъектілерінің қоғамдық бірлестіктердегі немесе олардың кәсіподақ қызметіне мүшелігі туралы дербес деректерді өндемейді.

ЖШС қызметкердің еңбек міндеттерін орындау мүмкіндігі және зейнетақы заңнамасында, міндетті түрдегі әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамада айқындалған мақсаттар үшін қажетті мәселеге қатысты дербес медициналық деректерді өңдей алады.

3.4. Сотталғандығы немесе өзге де жауапкершілікке тартылғаны туралы дербес деректерді өңдеуді ЖШС заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жүзеге асыра алады.

3.5. ЖШС дербес деректерді жинау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дерекқорларды пайдалана отырып, дербес деректерді жазылуын, жүйеленуін, жинақталуын, сақталуын, нақтылануын (жаңарту, өзгерту), алынуын қамтамасыз етеді.

ЖШС субъектілердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Рекитт Бенкизер компаниялар тобының корпоративтік саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес компаниялар тобының бас кеңселеріне Ұлыбритания мен Нидерландыға, сонымен қатар, Ұлыбританияда, Францияда, АҚШ-та, Үндістанда, Ресей Федерациясында, сондай-ақ өзге де елдерде (мұндай қажеттілік туындаған кезде) орналасқан Рекитт Бенкизер компаниялар тобының жаһандық ақпараттық жүйелеріне Қызметкерлердің, Рекитт Бенкизер компаниялар тобы Қызметкерлерінің және контрагенттер өкілдерінің дербес деректерін беруді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін және қамтамасыз етпейтін мемлекеттердегі топтың басқа компаниялары бар елдерге трансшекаралық беруді жүзеге асырады.

3.6. ЖШС келесі жағдайларда дербес деректерді өңдеуді тоқтатады:

- ҚР заңнамасында көзделген мерзімде дербес деректермен заңсыз әрекеттер анықталғанда ЖШС жіберілген бұзушылықтарды жояды. Жіберілген бұзушылықтарды жоюға мүмкіндік болмаған жағдайда ЖШС дербес деректерді бір жұмыс күні ішінде жояды.

- дербес деректерді өңдеу мақсатына қол жеткізген кезде ЖШС дербес деректерді өңдеуді тоқтатады және ҚР заңнамасында көзделген мерзімде тиісті дербес деректерді жояды;
- дербес деректер субъектісі өзінің дербес деректерін өңдеуге келісін қайтарып алған кезде ЖШС дербес деректерді өңдеуді тоқтатады және ҚР заңнамасында көзделген мерзімдерде дербес деректерді (қолданыстағы заңнамаға сәйкес сақтауға жататын дербес деректерді қоспағанда) жояды.

#### **4. Дербес деректердің құпиялылығы**

4.1. Дербес деректерге қол жеткізген ЖШС қызметкерлері осындай деректердің құпиялылығын қамтамасыз етулері тиіс.

Жалпыға қолжетімді дербес деректерге және иесіздендіру рәсімінен өткен деректерге қатысты құпиялылықты қамтамасыз ету талап етілмейді.

4.2. ЖШС субъектінің келісімімен, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, солтұлғамен жасалатын шарт негізінде ЖШС тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаның заңнамада көзделген дербес деректерді өңдеу қағидаттары мен қағидаларын сақтау міндетін елеулі шарт ретінде көздейтін дербес деректерді өңдеуді басқа тұлғаға тапсыруға құқылы. Дербес деректерді өңдеу үшін басқа тұлғаға берілетін көлемі және бұлтұлғақолданатын өңдеу әдістерінің саны ЖШС алдында өздерінің міндеттерін орындау үшін ең аз мөлшерде қажет болуы тиіс.

ЖШС тапсырмасында дербес деректерді өңдейтін тұлға жасайтын дербес деректермен іс-әрекеттер (амалдар) тізбесі және өңдеу мақсаттары айқындалуға тиіс, мұндай тұлғаның дербес деректердің құпиялылығын сақтау және оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті белгіленуге тиіс, сондай-ақ Заңның 3-тарауына сәйкес өңделетін дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптар көрсетілген болу керек.

ЖШС дербес деректерді өңдеу тапсырмасын орындау кезінде, осы өңдеу тапсырылған тұлға дербес деректерді өңдеу үшін заңнамада белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін өзінің ақпараттық жүйелерін пайдалануға құқылы, бұл ЖШС дербес деректерді өңдеуге жасалған тапсырма шартында көрсетілген.

4.3. Егер ЖШС дербес деректерді өңдеуді басқа тұлғаға тапсырған жағдайда, сол тұлғаның іс-әрекеті үшін дербес деректер субъектісі алдында ЖШС жауапты болады. ЖШС тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын тұлға ЖШС алдында жауапты болады.

4.4. ЖШС дербес деректердің ақпараттық жүйелерін дата-орталықта (бұлтты есептеу инфрақұрылымында) орналастыруға құқығы бар. Бұл жағдайда дата-орталықпен (бұлтты қызметтер провайдерімен) жасалған шартқа елеулі шарт ретінде дата-орталық персоналының, бұлтты провайдердің ЖШС дербес деректерінің ақпараттық жүйелеріндегі деректерге қол жеткізуіне тыйым салу туралы талап енгізіледі, ал бұл орналастыруды ЖШС дата-орталыққа (бұлтты қызметтер провайдеріне) дербес деректерді өңдеудің тапсырмасы ретінде қарастырмайды және мұндай орналастыруға дербес деректер субъектілерінің келісін талап етпейді. Дата-орталықпен (провайдермен) жасалған шартта барлық жағдайларда өңделетін дербес деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздік талаптары көрсетіледі.

#### **5. Дербес деректер субъектісінің өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімі**

5.1. Дербес деректер субъектісі өзінің дербес деректерін ЖШС беру туралы шешім қабылдайды және жазбаша нысанда келісім береді.

5.1.1. Дербес деректер субъектісінің жазбаша келісімі мыналарды қамтуға тиіс:

- дербес деректер субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекен-жайы, жеке басты куәландыратын негізгі құжаттың нөмірі, көрсетілген құжаттың берілген күні және оны берген ұйым туралы мәліметтер;
- ЖШС атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі және мекен-жайы;
- дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаты;
- жинауға және өңдеуге дербес деректер субъектісінің келісімі берілетін дербес деректердің тізбесі;

- ЖШС тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаның атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекен-жайы, егер өңдеу осындай тұлғаға тапсырылған болса;
- дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең;
- дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі туралы, дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер;
- өңдеу барысында дербес деректердің трансшекаралық берілуінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер;
- дербес деректер субъектісінің қолы.

5.2. ЖШС контрагенттен онымен жасалған шарттың негізінде және онымен жасасу және/немесе орындау мақсатында, оның ішінде Рекитт Бенкизер тобының басқа компанияларынан дербес деректерді алған жағдайда, дербес деректердің заңдылығы мен дұрыстығы үшін, сондай-ақ контрагенттер өкілдерінің дербес деректерді беруге келісімін алғаны үшін ЖШС дербес деректерді беретін контрагент жауапты болады, бұл контрагентпен жасалған шарттың мәтінінде бекітіледі.

5.3. Қызметкерлердің жазбаша келісімін алуды талап ететін жағдайларға келесілер жатады:

5.3.1. ЖШС дербес деректерді өңдеуді тапсыратын тұлғаларға дербес деректерді беруді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей:

- кадрлық, бухгалтерлік, салықтық және әскери есепке алуды жүргізуді, ЖШС құжаттарын сақтауды ұйымдастыруды, еңбек жағдайларына арнайы бағалау жүргізуді және т. б. қоса алғанда, заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен жүктелген міндеттердің сақталуын қамтамасыз ету;
- еңбек міндеттерін орындау мүмкіндігін қамтамасыз етіп, жасалған еңбек шарттарын орындау, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерін бақылау;
- ЖШС және т. б. қызметтік (күзетілетін) үй-жайларға өту мүмкіндігін қамтамасыз ету.

5.3.2. Дербес деректерді тексеру мақсатымен деректерді Қызметкердің өзінен алу мүмкіндігі болмаған жағдайларда Қызметкерлердің дербес деректерін үшінші тұлғалардан алу.

5.3.3. Қызметкердің дербес деректерін үшінші тарапқа беру, оның ішінде мақсаттарға, бірақ онымен шектелмей, қоса алғанда:

- ЖШС есебінен қосымша қызметтер көрсету;
- ЖШС және Рекитт Бенкизер компаниялар тобының корпоративтік саясаты мен рәсімдерін сақтау;
- ЖШС шаруашылық және есеп беру амалдарын жүргізу, ЖШС қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету; және т. б.

5.3.4. ЖШС шарттарын орындау мақсатында, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қызметкердің дербес деректерін үшінші тұлғаларға беру:

- келісімшарттық және келісімшарт алдындағы жұмыс шеңберіндегі контрагенттерге, сондай-ақ персоналды қайта дайындау және біліктілігін арттыру бойынша қызметтер көрсететін ұйымдарға;
- Қызметкердің еңбек ақысы мен өзге табыстарын есептеу үшін төлем карталарын ашатын және оларға қызмет көрсететін банктерге,
- жұмыс беруші ретінде ЖШС есебінен Қызметкерлердің өмірін сақтандыру және ерікті сақтандыру шарттарын жасасу және орындау кезінде сақтандыру компанияларына және/немесе медициналық ұйымдарға,
- жұмыс берушінің есебінен Қызметкерлердің визит карточкаларын (бизнес-карталарын) дайындайтын полиграфиялық кәсіпорындарға,
- іскерлік көрмелер мен конференцияларды ұйымдастырушыларға, іс-сапарларды қамтамасыз етумен, билеттер мен қонақүйлерді брондаумен айналысатын ұйымдарға және т. б.

5.3.5. Дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етпейтін мемлекеттерге дербес деректерді трансшекаралық беру.

- 5.4. Егер Отбасы мүшелерінің дербес деректерін жинау және өңдеу заңнама негізінде жүзеге асырылса (алимент есептеу, әлеуметтік төлемдерді ресімдеу, жеңілдіктер мен кепілдіктер беру және т.б. үшін) олардың арнайы білдірілген келісімі талап етілмейді, ЖШС-мен жұмыс беруші ретінде ҚР Еңбек кодексінің және мемлекеттік статистикалық есепке алу органдарының талаптарына сәйкес орындалады. Барлық басқа жағдайларда Отбасы мүшелерінің ЖШС дербес деректерін өңдеуге дәлелденетін (расталатын) келісімін алу қажет.
- 5.5. Ізденушілердің дербес деректерді жинауға және өңдеуге арнайы білдірілген келісімі талап етілмейді, өйткені дербес деректерді өңдеудің нақты жағдайлары үшін жазбаша нысанда ізденушінің келісімін алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, мұндай өңдеу Ізденуші – дербес деректер субъектілерінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын жасасу мақсатында қажет. Ізденушінің сауалнамасында, түйіндемесінде, Ізденуші ЖШС немесе персоналды іріктеу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар жіберген электрондық хаттарында және басқа да құжаттарда қамтылған дербес деректері ізденушіні жұмысқа қабылдау туралы немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 күн ішінде жойылады, ізденуші ЖШС сыртқы кадрлар қорына енгізу мақсатында оның дербес деректерін өңдеуге келісім берген жағдайларды қоспағанда.
- 5.6. ЖШС уәкілетті өкілі Шетелдікке жіберген және көрсетілген іс-әрекет өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімді тиісінше берді деп есептелетіні туралы хабарламаны қамтитын электрондық поштаға жауап беру жолымен берілген Шетелдіктердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі.
- 5.7. Келушілердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі ЖШС-не жүгінген кезде (кез келген нысанда) өздерінің дербес деректерін іс жүзінде ұсынған кезде берілген болып есептеледі.
- 5.8. Егер дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім жоғары оқу орындарына және Саясаттың 7.2. - тармағында қарастырылған тәртіппен тағылымдама мен тәжірибені ұйымдастыратын ЖШС басқа контрагенттеріне берілсе, сондай-ақ Тағылымдамадан өтуші ЖШС шарттың тарабы болып табылса, Тағылымдамадан өтушілердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге арнайы білдірілген келісімі талап етілмейді.
- 5.9. Процесстерге қатысушылардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге арнайы білдірілген келісімі талап етілмейді, өйткені олардың дербес деректерін жинау және өңдеу заңнама негізінде жүзеге асырылады.
- 5.10. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берген ұйымы және күні туралы мәліметтерді қоспағанда, жария дереккөздердегі ЖШС-мен шарттарға қол қойған тұлғалардың дербес деректері ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады. Олардың құпиялылығын қорғау және дербес деректер субъектілерінің мұндай деректерді жинауға және өңдеуге келісімі талап етілмейді.

Барлық басқа жағдайларда Контрагенттердің өкілдері болып табылатын дербес деректер субъектілерінің келісімін алу қажет.

Ережеден тыс жағдайлар:

- тұлға ЖШС-мен шартқа қол қойғанда және/немесе Қоғамның контрагенттерінің атынан және олардың тапсырмасы бойынша әрекет ету құқығымен сенімхат бергенде және сол арқылы шарттың (сенімхаттың) мәтінінде көрсетілген дербес деректерді өңдеуге келісімін растайтын конклюденттік әрекеттер жасағанда;
- тұлға дербес деректерін электрондық поштаға өзі жібергенде және сол арқылы электрондық хаттабелгіленген оның дербес деректерін өңдеуге келісімін растайтын конклюденттік әрекеттер жасағанда.

Контрагент Саясаттың 7.2-тармағында сипатталған тәртіппен ЖШС өзінің дербес деректерін беруге келісімді өзекілінен ала алады. Бұл жағдайда ЖШС субъектінің дербес деректерін өңдеуге келісімін алу талап етілмейді.

- 5.11. Егер ЖШС дербес деректер субъектілерінің атынан және олардың тапсырмасы бойынша әрекет ету құқығы бар сенімхатын және Субъект өкілінің жеке басын куәландыратын құжатын беру арқылы ұсынылса, Субъектілер өкілдерінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі тиісінше ұсынылған болып есептеледі.
- 5.12. ЖШС белгіленген өкілеттіктер шеңберінде құқық қорғау органдарынан, еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік қадағалауын және бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік еңбек инспекторларынан, заңнамада көзделген құзыретке сәйкес ақпаратты сұратуға уәкілетті өзге мемлекеттік органдардан

себептемелі сұраулар алған кезінде субъектілер өздерінің дербес деректерін беруге келісімі талап етілмейді

Себептемелі сұрау салу сұрау салудың мақсатын көрсетуді, сұрау салуды жіберген органның өкілеттіктерін растайтын сұрау салудың құқықтық негіздеріне сілтемені, сондай-ақ сұрау салынатын ақпараттың тізбесін қамтуға тиіс.

- 5.13. Тиісті өкілеттіктері жоқ ұйымдардан сұрау салулар келіп түскен жағдайда, ЖШС дербес деректер субъектісінен оның дербес деректерін (жазбаша электрондық хатпен және басқа да осыған ұқсас тәсілдермен) беруге келісім алуға және дербес деректерді алатын тұлғаларды бұл деректер олар хабарланған мақсаттарда ғана пайдаланылуы мүмкін екенін ескертуге міндетті, сондай-ақ осы тұлғалардан аталмыш шереженің орындалатындығын растауды талап ету қажет. Қызметкерлердің дербес деректерін өзге тұлғаларға беруге келісімін алу тәртібі Саясаттың 7.3-тармағында сипатталған.
- 5.14. Өңдеу заңнаманың талаптарында белгіленбесе немесе дербес деректер субъектісі тарапы болып табылатын ЖШС жасалған шартты орындау талап етілмесе дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді дербес деректер субъектісі кері қайтарып алуы мүмкін. Бұл жағдайда ЖШС өңдеуге берілген келісім қайтарып алынатын дербес деректерді жояды және субъектінің дербес деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алған сәттен бастап 30 күн ішінде осындай деректер берілген контрагенттердің оларды жоюын қамтамасыз етеді. Субъект Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін жағдайларда немесе орындалмаған міндеттемелер орын алған кезде дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімін кері қайтарып ала алмайды.
- 5.15. Барлық жағдайларда дербес деректер субъектісінің оның дербес деректерін өңдеуге келісімін алғанын дәлелдеу немесе Заңда көрсетілген дербес деректерді өңдеудің басқа негіздерінің бар екендігін дәлелдеу міндеті ЖШС жүктеледі.

## **6. Дербес деректер субъектілерінің құқықтары**

6.1. Дербес деректер субъектісі ЖШС өзінің дербес деректерінің бар екендігі туралы білуге, сонымен қатар оның дербес деректерін өңдеуге қатысты, оның ішінде мыналарды қамтитын ақпаратты алуға құқылы:

- ЖШС дербес деректерін жинау және өңдеу фактісін, мақсатын, көздерін, тәсілдерін растау;
- дербес деректерді жинау және өңдеудің құқықтық негіздері мен мақсаттары;
- ЖШС атауы және орналасқан жері, дербес деректерге қол жеткізе алатын немесе дербес деректер ЖШС жасалған шарт негізінде немесе заңнамаға сәйкес ашылуы мүмкін тұлғалар (ЖШС қызметкерлерін қоспағанда) туралы мәліметтер;
- тиісті дербес деректер субъектісіне жататын өңделетін дербес деректердің тізбесі, оларды алу көзі;
- дербес деректерді өңдеу мерзімдері, оның ішінде оларды сақтау мерзімдері;
- дербес деректер субъектісінің Заңда көзделген құқықтарды жүзеге асыру тәртібі;
- деректердің жүзеге асырылған немесе болжамды трансшекаралық берілуі туралы ақпарат;
- оператордың тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаның атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы, егер өңдеу осындай тұлғаға тапсырылса немесе тапсырылатын болса;
- заңнамада көзделген өзге де мәліметтер.

6.2. Дербес деректердің болуы туралы мәліметтерді ЖШС уәкілетті қызметкері дербес деректер субъектісіне қолжетімді нысанда ұсынуы тиіс және оларда дербес деректердің басқа субъектілеріне қатысты дербес деректер болмауы тиіс.

6.3. Дербес деректер субъектісі кез келген сәтте субъектінің жеке басын куәландыратын негізгі құжат туралы мәліметтерді қамтитын еркін нысанда жазбаша өтініш бере отырып, ЖШС дербес деректерін жинауға және өңдеуге өзінің келісімін кері қайтарып алуға құқылы. Субъект өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімін қайтарып алған жағдайда, егер оларды өңдеуді жалғастыруға заңды негіздер болмаса, ЖШС мұндай дербес деректерді өңдеуді тоқтатады (ЖШС осындай өңдеуді тапсырған тұлғалардың оларды өңдеуді тоқтатуын қамтамасыз етеді) және аталмышкері қайтару өтініші келіп түскен күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде дербес деректерді жояды (дербес деректерді жоюды қамтамасыз етеді).

6.4. Дербес деректер субъектісі өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқылы, оның ішінде материалдық және моральдық зиянның өтелуіне құқығы бар.

6.5. Дербес деректер субъектісі оператордан оларды нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап етуге құқылы, егер жеке деректер толық емес, ескірген, дәл емес, заңсыз алынған немесе жоғарыда көрсетілген өңдеу мақсаттары үшін қажет болмаса.

6.6. Дербес деректер субъектісі өзінің дербес деректерін жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде таратуға келісім беруге (бас тартуға) құқылы.

6.7. Дербес деректер субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## **7. Дербес деректерді қорғауға қойылатын іске асырылатын талаптар туралы мәліметтер**

7.1. ЖШС өңдейтін дербес деректердің қауіпсіздігі дербес деректер туралы заңнаманың талаптарын қамтамасыз ету үшін қажетті және жеткілікті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды іске асырумен қамтамасыз етіледі.

### **7.2. ЖШС қабылдайтын құқықтық шараларға келесілер кіреді:**

- заңнаманың талаптарын, оның ішінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты ЖШС Саясатын іске асыратын Қоғамның жергілікті актілерін әзірлеу;
- Саясатта айқындалған мақсаттарға және заңнама талаптарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеудің кез келген әдістерінен бас тарту.

### **7.3. ЖШС қабылдайтын ұйымдастыру шараларына келесілер кіреді:**

- дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындау;
- дербес деректерге рұқсаты бар ЖШС қызметкерлерінің құрамын шектеу және оларға қол жеткізудің рұқсат беру жүйесін ұйымдастыру;
- дербес деректерді өңдеуді тікелей жүзеге асыратын ЖШС қызметкерлерін дербес деректер туралы заңнаманың ережелерімен, оның ішінде дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптарымен, Саясатпен, дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша ЖШС басқа жергілікті актілерімен таныстыру;
- дербес деректерді өңдеуді тікелей жүзеге асыратын ЖШС қызметкерлерінің барлық санаттарын олармен жұмыс жасау және өңделетін деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелеріне оқыту;
- ЖШС қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында/енбек шарттарында дербес деректерді өңдеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді және белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті айқындау;
- дербес деректерді өңдеу амалдарын реттеу;
- ұрлаудың, ауыстырудың, рұқсатсыз көшірудің және жоюдың алдын алуды қамтамасыз ететін дербес деректердің материалдық тасымалдағыштарын есепке алуды және оларды сақтауды ұйымдастыру;
- қауіпсіздік талаптары бұзылған жағдайда келтірілуі мүмкін дербес деректер субъектілеріне ықтимал зиянды бағалауды ескере отырып, дербес деректердің ақпараттық жүйелері үшін өзекті дербес деректердің қауіпсіздігіне төнетін қатерлердің түрін айқындау, дербес деректердің қорғалу деңгейін және орындалуы дербес деректердің қорғалуының белгіленген деңгейлерін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерде оларды өңдеу кезінде дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптарды анықтау;
- дербес деректерді ақпараттық жүйелерде өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді анықтау, олардың негізінде өзекті қатерлердің жеке моделін (модельдерін) қалыптастыру;
- қорғалатын аумақ шегінде дербес деректерді өңдеудің техникалық құралдарын орналастыру;
- бөгде адамдарды ЖШС үй-жайларына жіберуді шектеу, ЖШС қызметкерлері тарапынан бақылауынсыз олардың дербес деректермен жұмыс жүргізлетін және оларды өңдеудің техникалық құралдары орналастырылатын үй-жайларда болуына жол бермеу;

- қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге заңсыз қол жеткізумен байланысты ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы уәкілетті органды хабардар ету.

#### 7.4. ЖШС қабылдайтын техникалық шараларға келесілер кіреді:

- қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын техникалық құралдарда ақпаратты қорғау құралдарын, бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңартуды орнатуды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ақпараттандыру объектілері арқылы қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру;
- Деректерді трансшекаралық беру жағдайларын қоспағанда, «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар» Қазақстан Республикасының ҚР СТ 1073-2007 стандартына сәйкес қауіпсіздіктің үшінші деңгейінен төмен емес параметрлері бар ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолданып, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді сақтауды және беруді қамтамасыз ету

7.5. Дербес деректердің ақпараттық жүйелерін орналастыру, дербес деректермен жұмыс жүргізілетін үй-жайларды арнайы жабдықтау және күзету, мұндай үй-жайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін ұйымдастыру дербес деректер тасымалдағыштардың және ақпаратты қорғау құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ осы үй-жайларда бөгде адамдардың бақылаусыз кіру немесе болу мүмкіндігін болғызбауға тиіс.

Дербес деректердің материалдық тасымалдағыштары сақталатын үй-жайлардың кіреберіс есіктері жұмыс уақытынан тыс уақытта үй-жайдың сенімді жабылуына кепілдік беретін құлыптармен жабдықталуы тиіс.

Кіруді бақылау үшін кодтық құлыптар немесе басқа қорғау құралдары орнатылуы мүмкін, қажет болған жағдайда үй-жайлар күзет дабылымен және бейнебақылау камераларымен жарактандырылады.

## 8. Заңнама мен Саясат талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік

8.2. Қазақстан Республикасының дербес деректер саласындағы заңнамасының және Саясат талаптарын бұзғаны үшін кінәлі ЖШС қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық, тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауаптылықта болады.

8.3. Дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі шарттық міндеттемелерді, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге қойылатын жалпы талаптарды бұзған заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық жауаптылықта болады.

## 9. Саясатты қайта қарау және оған өзгерістер енгізу тәртібі

9.1. Саясат қажет болған жағдайда қайта қаралады. Дербес деректер саласындағы халықаралық немесе қазақстандық заңнамада елеулі өзгерістер болған жағдайда Саясатты міндетті түрде қайта қарау жүргізіледі.

9.2 Саясатқа өзгерістер енгізу кезінде мыналар ескеріледі:

- ақпараттық инфрақұрылымдағы және (немесе) ЖШС пайдаланатын ақпараттық технологиялардағы өзгерістер;
- Қазақстан Республикасында қалыптасқан дербес деректер саласындағы заңнаманы құқық қолдану тәжірибесі;
- ЖШС қызметіне дербес деректерді өңдеу процестері мен тәртібіне әсер ететін жаңа ақпараттық жүйелерді, процестер мен технологияларды енгізуге байланысты дербес деректерді жинау және өңдеу шарттары мен ерекшеліктерін өзгерту;
- ЖШС дербес деректерді жинау және өңдеу мәселелерін қозғайтын және Саясатта көрсетілмеген жаңа бизнес-процестерді енгізу.

9.3. ЖШС барлық қызметкерлері осы Саясатпен міндетті түрде таныстырылады және оның ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

